



"Бекітемін"  
№91 мектеп-гимназиясының директоры  
Сегізбай А. Т.  
05 2022 жыл

**№91 мектеп гимназиясы**  
**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында**  
**атқарылған іс -шара анықтамасы**

Казакстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шенберінде мектеп тоқсан сайын қызметкерлер мен оқушылар (тәрбиеленушілер) үшін дөнгелек үстелдер өткізеді.




<https://www.facebook.com/groups/4081792368575195/permalink/4460453067375788/>

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сыйып сағаттарында сабактар, тақырып көрсетілімдері өткізіледі:

"Біз сыбайлас жемқорлыққа карсымыз"

"Сыбайлас жемқорлыққа жол жок" және "Парасаттылық сағаты" тұрақты түрде акпараттандыру жүргізіледі.



<https://www.facebook.com/photo/?fbid=10540081961416&set=gm.4499605033460591>

<https://www.facebook.com/groups/4081792368575195/permalink/4505243642896730/>

<https://www.facebook.com/groups/4081792368575195/permalink/4560548454032915/>  
<https://www.facebook.com/groups/4081792368575195/permalink/4501818269905934/>  
<https://www.facebook.com/groups/4081792368575195/permalink/4400939803327115/>

"Адалдық алаңы" жобалық жұмысы. "Адалдық дүкені" жоба дүкені бірінші кабатта орналасқан. Жобаның ерекшелігі-дүкен сатушысы болмайды. Сатып алушы аөзіне ұнаган затта таңдаپ алып, жазылған каражатты толеу үшін корапка қолма-кол ақшаны қалдырып, жанындағы ашық түрган кораптан қайтарым айырбас жасай алады.



<https://www.facebook.com/groups/4081792368575195/permalink/4555196987901395/>  
<https://www.facebook.com/groups/4081792368575195/permalink/4394803580607404/>

### **Академиялық адалдық – айнымас жолымыз!**

Академиялық адалдық – білім берудің барлық деңгейлеріне негіз болатын пәнаралық ұғым. Академиялық адалдық әділеттілік, сенімділік пен жауапкершілік күндылықтарын ұстана отырып, ақиқат пен шындықты айтуға баулиды. Ғұлама ойшыл Абай атамыз: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол» дей келе, адалдықтың ғана адамға абырай әкелетінін айтады.

Адалдық интеллектуалды стандарттың және академиялық сапаның басты негізі. Алайда оқушылар арасында бірқатар академиялық нормалардың сакталмайтыны болып тұрады. Білім алу мекемелерінде адалдық ережелерін сактамау оқушылардың алған білімі мен құзыреттігінің төмендеуіне әкеледі. Бұл әрекет оқушылар білімінің даму деңгейіне ғана кері әсер тигізбей, оку орнының беделіне нұксан келтіріп, қогамда жалпы білімге деген сенімділікті төмендетеді.

Осы орайда бастауыш сынып оқушыларынан бастап жоғары сынып оқушылары арасында «Академиялық адалдық» тақырыбында тренинг сабактар мен түсіндіру жұмыстары жүргізді. Оқушыларға адалдық, сенімділік, тәрбиелік, кішіпейілділік тақырыптарында дәрістер жүргізілді. Оқушылардың катысымен импровизацияланған тренинг ойындар үйымдастырылды.

Аталған іс – шараға оқушылар белесенді катысып, өз пікірлерін білдіріп жатты. Адалдықты, адамгершілікті сактауға өз үлестерін қосатынын айтЫП өтті.



Оқушылардың алған терең білімі болашақ тағдырына әсерін тигізіп, когам мүддесінде ізін қалдырады. Адал менгерілген білім шәкірт таңдаған салада немесе мансапта табысқа жетелейтін баспалдақ, алайда сапасыз алынған білім салдарынан когам уақыт дұмпуіне, оның тегеуірінді сілкінісіне тап болады. Елбасы, ҚР Тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: “Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы” деген сөзі когамда жас буынның рөлі ерекше екендігін білдіреді. Ал осы жастарымыздың адалдыққа керегар жолмен алған сапасыз білімі қогамда қабілетсіз мамандарды қөбейтіп, еліміздің даму жолына қоленкесін түсіреді.

Ендеше білімсіз мамандар қалайша ел тізгінін ұстап, қогам ахуалын қалай түзетеді? Білім алу мен жоғары жетістікке жетуде қызығушылығы мен мақсатын адал бір арнада тоғыстырса, окушы сонда ғана алға қарай нық қадам баса алады. Адалдық – адам арының айнасы. Данышпан аталарымыздың: “Асылдың бірі – адалдық” деген гибрат сөзі бекерден-бекер айтылмаған. Сондыктан әр окушы, білім алу барысында тек қана шынайылыққа сүйенуі керек. Өйткені, адалдық бұл тек окушының рухани адамгершілік қасиеттері мен абыройын қөрсетіп қоймай, болашақ қогамымыздың келбетін қөрсетіп береді.

Жоғарыда айтып өткен сөздердің тек қана сөз түрінде емес, іс – әрекет түрінде өз жалғасын табу үшін оқушылармен дөңгелек үстелдер, дебаттық кездесулер үйымдастырылды. Басқосуда әр – бір окушы өз ойын ортага салып, өз тараптарынан адалдық академясына үлес косу үшін қандай жұмыстар жасай алатынын айтты. Егер әр адам баласы адалдықты өз бойынан бастаса, қогамда келенсіз жағдайлардың болмауына өз үлестерін қосар еді, деген пікірге барлығы бір ауздан колдау қөрсетті. Іс – шара сонында бір – бірлеріне алғыс білдіріп, кол алысып, жақсы көңіл – күймен тарқады.



### «Академиялық адалдық үздік білім аудиын шарты»

Кез келген бағалау жұмыстары кезінде тәртіпті сактау. Бағалау жұмыстарына қалыптастырушы және корытынды жұмыстарының, жобалау жұмысының кезкелген түрлері, бақылау жұмысы, тестлеу, кенейтілген эссе, т.б. Орта және жоғары буын окушылары арасында жүргізілді.

Тренинг сабактың максаты: окушыларды адалдықка, әділдікке, адамгершілікке, шынайылыққа баулу

**Жүргізуши:** Сөлеметсіндер ме окушылар! Бұғінгі біздін такырыбымыз "Академиялық адалдық үздік білім аудиын шарты"

**Інтымактастық атмосфера:** Шаттық шеңберіне тұрып, баяу музыка сазымен, көздерін жұмғызып, тәтті киялға берілу. Киялдарымен бөлісу. Киялдарың өздеріне қанат бітіріп, армандарына жетіндер- деп сабакқа сәттілік тілеймін.

(Музыка ойнатқыш баяу әуен)

Академиялық адалдық түсінігі өте қарапайым: ол академиялық жұмысты адал орындауды, яғни басқа окушылардың жұмысын көшірмеуді және пайдаланбауды карастырады. Егер окушы (мұғалім) басқаның сөзін, жұмысын не идеясын пайдаланса, сәйкесінше тиісті хабарлама ұсынылуы кажет.

Окушылар берілген рөлдерді сомдап, өздерін, мұғалімнің орнына, окушының орнына, ата – ананың орнына қойып, қойылымдар көрсетті. Тренинг – сабактан алған әсерлері ерекше болғанын қуана жеткізіп жатты.




### «Академиялық тәртіпті бұзу»

Академиялық адалдық алғашқы сынақтардан басталады.

Алдау бесік жазбалары(шпаргалка), емтихан кезінде біреудің иығына карау немесе окушылар, студенттер арасында емтиханға немесе жаттығуға катысты кез-келген тыйым салынған акпарат түрінде болуы мүмкін. Қоپтеген жылдар бойы алдаудың қоپтеген күрделі әдістері жасалды. Мысалы: жендерінде, жамбастарында немесе бөлінген жерлерінде жазбаларды жасырғаны туралы құжатталған. Акпаратты графикалық калькуляторларда, беттеушілерде сактау, ұялы телефондар және басқа электронды құрылғылар акпараттық революция басталғаннан бері жиналды. Окушылар касында отырғандардың сынақтарын ұзак уақыт жасырын түрде сканерлеп жүрсе, кейбір студенттер алдамақ болған адамдарға белсенді түрде көмектесуге тырысады. Достарға дұрыс жауабын жасырын түрде беру әдістері әртүрлі, олар кодталған түшкіру немесе қарындашпен тұртуден бастап, қоپтеген мұғалімдердің есту қабілеттерінен тыс жоғары дыбыстарға дейін.

Алдаудың академиялық адалдықтың басқа түрлерінен айырмашылығы - адамдар онымен өздеріне академиялық түргыдан ешқандай пайда келтірмей-ақ айналыса алады.

Осы орайда окушыларға БЖБ, ТЖБ жұмыстарында академиялық адалдықты сактау керек екені мектеп психологтары тарапынан тағы да түсіндірме іс – шаралары ретінде айтып өтілді. Сонымен қатар БЖБ, ТЖБ кезінде окушыларда қобалжу, бас ауру, депрессия әсерлері туындаиды. Психологтар окушылармен қобалжу әсерін калай жену керекекені туралы ұсыныстар, кеңестер берді.



Академиялық адалдық мұғалімдерге де қындық туғызды. Экономикалық түргыдан алдау білімнің аз өндірілуіне әкеледі. Сонымен катар, көбінесе алдау ісі оқытушыларды эмоционалдық күйзеліске ұшыратады, көбісі бұл жағдайда оларға қарсы жасалған женілдік немесе олардың сенімін бұзу деп санайды. Академиялық заң бұзушылықтармен жұмыс істей көбінесе білім берудегі мансаптың ең нашар бөліктерінің бірі болып табылады.


Академиялық тәртіпті бұзу кез-келген мектептің маңызды активтерінің бірі болып табылатын мектептің беделіне әсер етуі мүмкін. Мұғалімдер тарарапынан адалдық академиясын бұзған оқушылармен калай сойлесу керек, кандай түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек, алдын алу іс – шаралары туралы психологиялық түргыдан кеңестер мен ұсыныстар берілді. Әр – бір мұғалім өз оқушысының оку дәрежесін жаксы біледі және бакылау, емтихан барысында жаксы баға алып жаткан оқушылар міндетті түрде күдік туғызды. Сол себепті, «Академиялық адалдық» тақырыбында оқушылармен профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізу өте маңызды.



Емтихан күні жақындаған сайын, емтихан тапсыратын оқушылардың үйкесі қашып, мазасыздана бастады.

Кейде жасөспірімдер өздерінің жасына байланысты аландаушылықтарын көрсетпейді, ейткені олар өздерін ересек және тәуелсіз көрсеткісі келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылар емтихан алдында ішкі мазасыздыкты, кобалжуды сезінеді. Аландаушылықтар туындал жағымсыз эмоциялар пайда бола бастайды. Жақындарының колдау көрсетіп, сенім артқандарын қалайды. Осы орайда психологиялық тұргыдан дұрыс колдау көрсетудің және сенім артудың маңыздылығы жайлы ата-аналарға бірнеше ережелер мен кеңестер айтып откім келеді.

Психологиялық жағынан өзіміз дайын болуымыз керек. Стресс - сәтсіздіктің ең басты жауы. Ол үшін шындықты мойындал, оған бейімделіп, тиімді жолдарын қарастыру керек. Сынектар тәжірибесінде дәлелденгендей, кейбір ата - аналар алдын ала қобалжып, шындықты қоз алдына елестетудің орнына басқа әдістерді ойлап табуға кіріседі. Мысалы: таныс - тамыр іздеу, акшамен шешіледі деген сияқты т. б бос әрекетке жол береді. Бұл баланың санасын улады, босқа уақытын өткізеді. Ақыр сонында бала төмен үпай жинайды. Керінше ата - ана баланың күн тәртібін қадағалап, дайындық курстарын жүйелі жоспарлап берсе, баланың басқа нәрсені ойлауға уақыты да болмайды. Себебі оның алдында бір мақсат бар. Бұл нәтижелі дайындық және жақсы көрсеткіш!



Академиялық адалдық – бұл шындық, сенім, құрмет, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сактау. Бұл қағидаттарды ешкім қадағаламаған және бақыламаған кезде де үстану керек.

Академиялық жалғандықтың басқа түрлеріне көшіріп алу, шпаргалкалар, сыйырлап айту және т.б. жатады. Академиялық жалғандықтың екі түрі болады: ойластырылған және ойластырылмаган. Мамандардың пікірінше, басым болігі шын мәнінде әдейі емес болып табылады және академиялық адалдықты қалыптастыруға көмектесетін ережелерді түсінбеуі салдарынан пайда болады, сондыктан окушыларға академиялық адалдық қагидаттарын накты түсіндіру өте маңызды.

Академиялық бұзушылықтың бірінші санаттағы түрі бойынша колданылатын тәртіптік жазалар:

Окушылар үшін – қайта тапсыру құқығынан айрылып, накты тапсырма үшін «0» балл беріледі. Бұл – окушының оку орнына түсуіне, өмірлік жолына әсер етеді.



Сыбайлас жемқорлықка карсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Елордада "Жастар сыбайлас жемқорлықка карсы" Ұранымен "Адал Үрпак" ерікті мектеп клубтарының калалық слеті басталды.

Слеттің мақсаты казіргі когамдағы сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес проблемасына назар аудара отырып, окушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа карсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлыққа "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру болып табылады."Адал үрпак" жобасы аясында №91 мектеп-гимназиясы "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" бейне ролигін дайындауды.



<https://www.facebook.com/100004841102271/videos/414885900277055/>

Орындаған: Агубаева У.М